

Г.А. Илиясова*, Г.Б. Әсетова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: G.Iliasova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6289-8325, Scopus Author ID: 57197811182,
Researcher ID WOS: AAR-6742-2020, gulnur_asetova@mail.ru)

Қазіргі азаматтық іс жүргізу заңнамасында заңдық терминологияларды қолдану мәселесі

Мақалада 2015 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің мемлекеттік тілдегі мәтінде қолданылған заңдық терминологияға лингвистикалық сараптама жүргізу нәтижелері талданған. Зерттеу жүргізу мақсаты азаматтық іс жүргізу заңдарының мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығының сақталуын, қазақ тіліндегі заңдық терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету болып табылады. Заң тілі — ресми тіл болғандықтан, бұл мәселеге бей-жай қарауға болмайды. Авторлар Азаматтық процестік кодекстің жеке баптарының мәтініне сараптама жүргізу барысында құқықтық нормаларды орыс тілінен қазақ тіліне қате аудару, мағынасыз аудару, бір терминді бірнеше нұсқада аудару секілді қателіктерді тауып, олардың дұрыс аудармаларын ұсынған, әрбір аударманы жеке негіздеп көрсеткен. Заңдардың қазақ тіліндегі мәтіндерінің түсініксіз болуы, терминдердің дұрыс емес аударылуының бірден бір себебі заң жобаларының алдымен орыс тілінде әзірленіп, кейін аз уақыт қалғанда асығыс мемлекеттік тілге аударудың нәтижесі деп түсіндіріледі. Заңдарды аудару ісімен білікті заңгерлер емес, аудармашы — тіл мамандары айналысатыны белгілі. Қорытындыда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің қажеттігі, оның бір жолы ретінде заңдарды мемлекеттік тілде қабылдау қажеттігі, заң қабылдау үрдісіне кәсіби білікті, мемлекеттік тілді еркін меңгерген заңгерлерді жұмылдыру қажеттігі негізделеді.

Кілт сөздер: заңдық терминология, заңдық терминдердің бірізділігі, азаматтық іс жүргізу заңнамасы, ҚР Азаматтық процестік кодексі, заң тілі, қазақ тілі, заңдық техника, лингвистикалық сараптама.

Kipicne

Мақаладағы зерттеу тақырыбының өзектілігі мемлекетіміз үшін маңызды мәселе — заңдардың мемлекеттік тілде жазылуы төңірегінде өрбиді. Заңдарда терминдерді қолдануда бірізділік сақталмайды, бір термин бірнеше нұсқада жазылған, не дәлдік жоқ. Сол себепті қабылданып жатқан заңдардың тілі шұбалаңқы. Заңның тілі — ресми тіл болуы қажет, әдеби-көркем сөздерден құрастырылмауы тиіс. Өкінішке орай, ащы болса да айту қажет, қазақ тілді заңгерлер заңдардың қазақ тіліндегі мәтіні түсініксіз болғандықтан, әуелі орыс тіліндегі мәтінін оқып, ұғынған соң ғана өздігінен аударуға мәжбүрлі.

Заң тілінің түсінікті әрі ұғынуға оңай болуы қоғамда құқықтық нигилизмді жоюдың, құқықтық мәдениетті қалыптастырудың бірден бір алғышарты деп білеміз.

Заң тілінің кез келген азаматқа түсінікті әрі сапалы болуының алғышарты заңдық терминологияларды орынды қолданып, мемлекеттік тілде ұйқастырып, сөйлемнің мағынасын қарапайым түрде құрастыру деп түсінеміз. Сондықтан, бірінші кезекте заңдық терминологияларды біріздендіріп алу арқылы сол мақсатқа жетуге болады.

Қазақстанда экономикалық қатынастардың дамуына байланысты жаңа шарттар жасалып, шет тілдерден жаңа заңдық терминдер, экономикалық терминдер енгізіліп, қолданысқа ие болуда. Сол себепті тіліміз де шет тілінен енген кірме сөздермен толысып жатыр. Бұл қазақ тіліндегі заңдық терминологияларды қолдануда біркелкілікті сақтау үшін оларды біріздендіруді қажет етеді.

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес, «екінші бағыт — мемлекеттік тілді көпшіліктің қолдануына қол жеткізу және оның пайдаланылу аясын кеңейту... Аталған бағытта мемлекеттік тілді ғылым, заңнамалық актілер және жаңа технологиялар тілі ретінде дамыту шаралары көзделеді» [1] деп белгіленген. Осы міндет бүгінгі күні орындалды деп айта алмаймыз. Себебі заңның қазақ тіліндегі мәтіні сын көтере бермейді.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: G.Iliasova@mail.ru

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңының «Нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар» деп аталатын 24-бабында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» [2] деп жазылған. Ендеше заңның екі тілдегі мәтіндері де бір біріне ұқсас, бірдей түсінікті, дәлме дәл сәйкес келуі керек. Заңның осы қойған талабы қаншалықты іс жүзінде жүзеге асырылып жатыр, зерттеуіміздің түпкі мақсаты осы мәселені алдыға қояды.

Әдістер мен материалдар

Зерттеудің әдістері ретінде заңдық терминологияның қолданылуына зерттеу жүргізу барысында арнайы әдістер: талдау, жалпылау, зерттеушілік, салыстырмалы-құқықтық, жүйелілік әдістері қолданылды. ҚР Азаматтық процестік кодексінің орыс және қазақ тіліндегі мәтіндеріне салыстырмалы лингвистикалық сараптама жасалды.

Зерттеудің материалдық негізі ретінде ҚР Азаматтық процестік кодексі, тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, заң техникасы мен тіл мәселесіне арналған заң ғылымы әдебиеттерінде, мерзімдік басылымдарда жарияланған отандық аудармашы-тіл мамандары мен тәжірибелі заңгерлердің, ғалымдардың, атап айтсақ, К. Юсупов, Ш. Құрманбайұлы, Д. Анарбек, С. Сәрсенова, Т. Ахметжанова, Г.А. Илиясова еңбектері негізге алынды.

Нәтижелер

Зерттеу тақырыбы аясында ҚР Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) [3] қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығы талабына сәйкестігін тексеру бойынша лингвистикалық сараптама жүргізілді. Сараптама жүргізу нәтижесінде аталмыш заңның көпшілік нормаларындағы сәйкессіздіктер анықталды. Атап айтқанда, кодекстің орыс тіліндегі мәтінінде қолданылған «принцип» термині қазақ тіліне «*қағида*» деп аударылған, оны «*қағида*» деген сөзбен ауыстыруды ұсынамыз. Себебі бұған дейін заң әдебиеттерінде, құқықтық актілерде «*қағида*» термині қолданылып келген болатын, үйреншікті терминді бұрмалаудың қажеті жоқ деп санаймыз.

«Заңдылық» деп аталатын 6-бапты «5. Егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен парасаттық критерийлерін негізге ала отырып шешуге міндетті» деп аударуды ұсына отырып, «*критерий*» — «өлшем шарттар» деген аудармасын сол қалпында аудармасыз қалдырған жөн. Өйткені, «критерий» сөзі орыс тілінен енгізілген сөз емес, грек, неміс тілінен енген сөз болғандықтан аударудың қажеті жоқ деп санаймыз.

«*Разумность*» — ақылға сыйымдылық аудармасы «*парасаттылық*» деп өзгертілді.

Кодекстің бүкіл мәтінінде «лица, участвующие в деле» атауы «іске қатысатын адамдар» деп аударылған. Мәселен, кодекстің 5-тарауының атауында «іске қатысатын адамдар», 43-бапта «Іске қатысатын адамдардың құрамы» және т.б. Заңның қазақ тіліндегі мәтінінде «лицо» деген сөз «адам» деп аударылған. Бұл дұрыс емес, себебі 43-бапта қарастырылғандай, іске қатысушылар деп тараптарды; үшінші тұлғаларды; прокурорды; мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, заңды тұлғаларды немесе осы АПК-тің 55 және 56-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтарды айтады. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, заңды тұлғаларды адамдар деп атау қате, сондықтан біздің ұсынысымыз «іске қатысушы тұлғалар» деп өзгерту керек.

Дәл осындай аудармадағы сәйкессіздіктер мен қателіктер АПК-нің 9-бабының 2-бөлімінде айқындалады. «2. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік органдардың және *лауазымды адамдардың* заңсыз әрекеттерінен, сондай-ақ басқа да тұлғалардың осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасауына байланысты жеке тұлғаға келтірілген моральдық зиян, жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға келтірілген залалдар заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс» деген орысша түпнұсқасын қарастыратын болсақ ол жерде былай жазылған «2. Моральный вред, причиненный физическому лицу, убытки, причиненные физическому или юридическому лицу в ходе гражданского судопроизводства незаконными действиями государственных органов и должностных лиц, а также в связи с совершением указанных в части первой настоящей статьи действий другими лицами, подлежат возмещению в установленном законом порядке». Аудармадағы қателік «*Должностное лицо*» деген сөздің «*лауазымды адам*» деп аударылуында. Қазақстан Республикасының көптеген нормативтік құқықтық актілерінде «лауазымды адам» деген ұғымға қатысты қолданылатын «лауазымды тұлға» деген сөз тіркесін көре аламыз. Оған бірден бір мысал болып табылатын Қазақстан Республикасының Конституциясының 40-бабының 1-ші бөлімінде орыс

тілінде ол жерде былай жазылған: «Президент Республики Казахстан является главой государства, его высшим должностным лицом, определяющим основные направления внутренней и внешней политики государства и представляющим Казахстан внутри страны и в международных отношениях», осы бап қазақ тілінде келесідей аударылған: «Қазақстан Республикасының Президенті — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға». Демек, ҚР Конституциясында «Должностное лицо» деген сөз тіркесі «Лауазымды тұлға» деп көрсетілген. Аударманың осы нұсқасын дұрыс деп ойлаймыз.

Осы «должностное лицо» сөзі Конституцияда тағы екі түрлі аударылған: мысалы, 18-баптың 3-бөлімінде, 31-баптың 2-бөлімінде, 83-баптың 2-бөлімінде «лауазымды адам» деп жазылған. Сөйтіп, Негізгі заңның қазақ тіліндегі мәтінінде де аудармаға қатысты қарама-қайшылықты айқындап отырмыз [4; 156].

Орыс тіліндегі «Равенство всех перед законом и судом» деп аталатын 13-баптың бірінші бөліміндегі «1. Правосудие по гражданским делам осуществляется на началах равенства всех перед законом и судом» деген норма келесідей оғаш аударылған: 13-бап. «Жұрттың бәрінің заң мен сот алдындағы теңдігі. 1. Азаматтық істер бойынша сот төрелігі барлық адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігі негізінде жүзеге асырылады». «Равенство всех» — «Жұрттың бәрінің теңдігі» аудармасын «барлығының теңдігі» деп өзгерту ұсынылады. Сәйкесінше, ҚР Конституциясының 14-бабын келесідей редакцияда өзгерту ұсынылады: 1. «Заң мен сот алдында барлығы тең».

15-баптағы «Состязательность и равноправие сторон» атауы «Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы» деп кәте аударылған деп есептейміз. Сондықтан оның орнына бұрынғы атауы «сайысушылық» үйлеседі.

Кодекстің мәтінінде «предмет спора», «предмет иска» атауы «даудың нысанасы», «талаптың нысанасы» деп аударылып жүр. Бұл жерде бұрынғы атауы «даудың пәні» деп атау орынды деп есептейміз. «Нысана» орыс тіліне аударғанда «мишень, прицел» деген ұғымды білдіреді.

Сондай-ақ, 51-баптағы «Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар», 52-баптағы «Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар» дегендерді сәйкесінше «даудың пәніне дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар» және «даудың пәніне дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар» деп өзгерту ұсынылады.

АПК-нің 76-бабында қарастырылған «предмет доказывания» термині «дәлелдеу нысанасы» деп деп аударылған екен. Оны да «дәлелдеу пәні» деп өзгертуді ұсынамыз.

АПК-те «иск» атауы «талап қою» деп жазылған, ал «исковое заявление» атауы «талап қою арызы» деп аударылған екен. Біздің ойымызша, бұл ұғымды «талап арыз» деп қысқаша қайыру айтуға ыңғайлы деп ойлаймыз.

АПК-нің «Состязательность и равноправие сторон» деп аталатын 15-бабы «Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы» деп аударылыпты. Бұл жерде «состязательность» сөзінің «жарыспалылық» деп аударылуы оғаш естіледі, бұрынғы азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында қолданылып келген «сайысушылық» деген аудармасын қалдыруды ұсынамыз.

3-тараудың атауы «Подведомственность и подсудность» және 23-баптың атауындағы «Подведомственность гражданских дел судам» деген сөйлемдегі «подведомственность» термині «ведомстволық» деп аударылыпты: 3-тарау. «Ведомстволық және соттылық»; 23-бап. «Азаматтық істердің соттарға ведомстволығы». «Ведомстволық» аудармасы «подведомственность» мағынасын толық ашып тұрған жоқ, ол «ведомстволық бағыныштылық» деген ұғымды береді. Сондықтан осы аударма орынды деп санап, 3-тарауды «Ведомстволық бағыныштылық және соттылық» деп, 23-бапты «Азаматтық істердің соттарға ведомстволық бағаныштылығы» деп өзгерту және баптың мәтінінде де сәйкесінше осы терминдермен өзгерту ұсынылады.

226-баптағы «Решение состоит из вводной, описательной, мотивировочной и резолютивной частей» деген норманың аудармасындағы «мотивировочная часть» сөзі — «уәждеу бөлігі» деп аударылған. Уәждеуден гөрі «дәлелдеу» деген сөзді қолдану орынды болар еді, себебі шешімнің бұл бөлімінде «істің сот анықтаған мән-жайлары; соттың құқықтар мен міндеттер туралы түйіндері негізделген дәлелдемелер; соттың ол немесе өзге дәлелдемелерді қабылдамау дәлелдері және сот басшылыққа алған заңдар қысқаша көрсетіледі» делінген. Сондықтан «дәлелдеу бөлігі» деп жазылғаны жөнді болар еді.

ҚР АПК-нің мәтінінде «*оформление*» деген орыс тіліндегі сөзді «*рәсімдеу*» деп аударманы қате жазған. Қазақ тілі мен әдебиетінде «рәсім» деген тілді бұрап айтылатын сөз жоқ, ал рәсім деген сөз бар екені баршамызған мәлім. Демек «*оформление*» сөзі «*рәсімдеу*» деп аударылып жазылуы тиіс.

8-тарауда «*Судебные расходы*», 102-бапта «*Понятие и состав судебных расходов*» деген атауларда «*судебные расходы*» терминінің аудармасы «сот шығыстары» деп тағы да шығын сөзін бұрмалап аударған. Екінші жағынан, «сот шығыстары» — соттың шыққан шығындары дегенді ұғындырып тұр, негізінде бұл мемлекеттік баж салығы мен сот ісін жүргізуге байланысты шыққан шығындар. Дұрысы «*соттық шығындар*» болу керек деп қорытамыз.

АПК-нің орыс тіліндегі мәтініндегі 151-баптағы «1. 2) имеется вступившее в законную силу решение суда или определение суда о прекращении производства по делу по основаниям, предусмотренным настоящим Кодексом, вынесенное по спору между теми же сторонами, о том же предмете и по тем же основаниям» деген норманың аудармасы келесідей қате аударылғанына назар аударамыз: «1. 2) сол тараптардың арасындағы, нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі шығарылған дау бойынша, осы Кодексте көзделген негіздермен *іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы* заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот ұйғарымы болса». Себебі, прекращение — тоқтату деп аударылады, ал қысқарту — орыс тілінде сокращать деп аударылады. Келесідей өзгерту ұсынылады: «*іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы* заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот ұйғарымы».

ҚР АПК-дегі тағы да бір қателікті 160-баптың 2-бөлімінен көреміз, орысша нұсқасында былай деп жазылған «2. В случае *отказа в иске* принятые меры обеспечения иска сохраняются до вступления решения в законную силу» деп көрсетілген, ал қазақша нұсқасында «2. *Талап қоюдан бас тартылған* жағдайда талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде қабылданған шаралар шешім заңды күшіне енгенге дейін сақталады» деп қате аударылған. Негізгі қателік бұл жерде орыс тіліндегі «В случае отказа в иске» деген сөздердің қазақ тіліне аударылымы «Талап қою қанағаттандырылмаған жағдайда» деп жазылуы тиіс еді. Осының салдарынан баптың мағынасы бұрмаланып тұр. Себебі «талап қоюдан бас тарту» деген сөз «отказ от иска» деп аударылатыны бізге мәлім. 48-бап бойынша «талап қоюдан бас тартуға құқылы» талап қоюшы болып табылады. Сот талап қоюды қанағаттандырмауы мүмкін. Жалпы, бұл норманың орыс тіліндегі жазылуы да қате, себебі азаматтық процессуалдық құқықта «отказ в иске» деген ұғым жоқ, бұл құқықтық емес заңгерлер арасында ауызекі қолданылатын сөздер. «Неудовлетворение иска» деп жазылуы тиіс еді.

Осындай жағдай 51-баптың бірінші бөлімінде де орын алған: «1. Третьи лица, заявляющие самостоятельные требования на предмет спора... *пользуются всеми правами и несут все обязанности истца*» қазақ тіліне қате аударылып, құқықтық норманы түсініксіз етеді. «*Барлық құқықтарды пайдаланады және талап қоюшының барлық міндеттерін орындайды*» деген сөйлемде кімнің құқықтарын пайдаланады деген сұрақ туындайды. 151-баптың 1-бөлімінің 2-пунктінің дұрыс аудармасы келесідей болуы тиіс: «сол тараптардың арасындағы, нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі шығарылған дау бойынша, осы Кодексте көзделген негіздермен *іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы* заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот ұйғарымы болса».

Аталған кодекстің орыс тілінде жазылған нұсқасында бір терминнің қазақ тілінде бірнеше нұсқада көрсетілуі кездеседі, атап айтқанда, АПК-нің орыс тіліндегі «ответственность» деген сөзі АПК-нің қазақ тіліндегі мәтінінде, яғни 13-бапта «жауапкершілік» деп, ал осы кодекстің 19, 21, 27, 30, 33, 73-баптарында «жауаптылық» деп берілген. Дұрысы «*жауапкершілік*» болуы тиіс.

ҚР АПК-нің орыс тіліндегі мәтінінде 45-бап «Гражданская процессуальная дееспособность» деп аталады, ал оның 5-ші бөлімінде былай жазылған: «5. Невершеннолетние, эмансипированные по основаниям, предусмотренным законом, приобретают полную *процессуальную дееспособность* с момента эмансипации». «Азаматтық *процестік әрекетке қабілеттілігі*» деген 45-баптың қазақ тіліндегі мәтінінде: «5. Заңда көзделген негіздер бойынша эмансипацияланған кәмелетке толмағандар эмансипация кезінен бастап толық *процестік қабілеттілікке* ие болады» делінген. Қазақ тіліндегі мәтінінде «процессуальную дееспособность» термині екі түрлі жазылған, баптың атауында «процестік әрекетке қабілеттілігі» десе, 5-ші бөлімінде «процестік қабілеттілік» деп жазылған. Біздің сараптама қорытындымыз бойынша, ҚР Азаматтық кодекстің 17-бабында «Азаматтардың әрекет қабілеттілігі» деген термин қолданылады. Заңдардағы терминдердің бірізділігін қолдану мақсатында келесідей түзетуді ұсынамыз: «45-бап. Азаматтық *процестік әрекет қабілеттілігі*». «5. Заңда көзделген негіздер бойынша эмансипацияланған кәмелетке толмағандар эмансипация сәтінен бастап толық *процестік әрекет қабілеттілігіне* ие болады».

Келесі қателікті АПК-нің «Алдын-ала сот отырыс» деп аталатын 172-бабынан көре аламыз. Негізгі қателік 5-ші бөлімде орын алған, ол бөлімде былай деп жазылған «Егер жауапкер *талап қою арызын* бұрын белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе пікірді талап қою арызының барлық талаптары мен негіздері бойынша ұсынбаса, сот талап қою арызына жазбаша пікір беру үшін мерзім белгілейді». Орысша нұсқасында бұл бөлім «Суд устанавливает срок для представления *письменного отзыва на исковое заявление*, если ответчик его не представил к установленному ранее сроку или представил отзыв не по всем требованиям и основаниям искового заявления» деп аударылған. Бұл жердегі қателік қазақша аудармадағы «Егер жауапкер талап қою арызын бұрын белгіленген мерзімде ұсынбаса» деген жерде жасалған. Жалпы, ол жерде «талап қою арызы» емес «письменный отзыв на исковое заявление» болуы қажет, ал ол қазақ тілінде «*талап арызға жазбаша пікір*» деп аударылуы керек. Сондықтан осы баптың 5-ші бөлімінің дұрыс нұсқасы қазақ тілінде келесідей болуы тиіс: «Егер жауапкер талап арызға жазбаша пікірді бұрын белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе пікірді талап арыздың барлық талаптары мен негіздері бойынша ұсынбаса, сот талап арызға жазбаша пікір беру үшін мерзім белгілейді. Соттың талап етуі бойынша пікір тікелей алдын ала сот отырысына ұсынылады» [5; 419].

Талқылаулар

Мемлекеттік тілдегі заң тілінің кемшілік тұстары, оларды шешу жолдары туралы мәселелер заң әдебиетінде соңғы онжылдықта қозғала бастады. Көбінесе бұл мәселені аудармашы-филолог мамандар жазады. Барлық авторлардың да ойлары бір жерден тоғысып, біркелкі пікірлер жазады.

Жазушы, аудармашы К. Юсупов «Заңның, әлбетте, тілмен бейнеленетіні, тіл арқылы азаматтардың еркі мен санасына ықпал ететіні мәлім. Алайда, тілдің заңның мазмұнына тікелей әсер етпейтіні де, әйтсе де, тілдің байлығы, жетістігі мен жатықтығы заңның айқын, ұғынықты болып шығуына әсер етпей қоймайтыны да түсінікті» [6; 71] деп жазады. Заң қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды бекітетін нормативтік құқықтық акт болғандықтан, заңның тілі де жоғары деңгейде жазылған, түсінікті болуы тиіс. Сонда ғана қоғамда заңға деген құрмет қалыптасып, заңды сақтауға тырысады. Ұлттың құқықтық санасын, қоғамдағы құқықтық мәдениетті де көтеретін мемлекеттік тілде ұғынарлық жазылған заң. Сондықтан мемлекеттің егемендігін білдіретін мемлекеттік тілдің мәртебесі де нақты, жоғары болуы тиіс деп санаймыз.

С.Сәрсенованың келесідей пікірімен келісеміз: «Айқындылықты, нақтылықты талап ететін заң мәтіні артық сөзсіз, ресми стиль талаптарына сай, ұлт тілінің сөйлем құрылысы және термин қолданысының бірізділігін сақтай отырып жазылуы тиіс. Заң мәтініндегі терминдер құқықтық норманы бұрмаламай, мән-мазмұнын дәл жеткізіп, заңның әркелкі оқылуына жол бермеу қажет» [7; 73]. Расында да жоғарыда ҚР АПК-нің мәтініне жүргізілген талдаулар айқындап бергендей, қазақ тіліне заңдық терминдер қате аударылған немесе бірнеше нұсқада аударылған, иә заңдық терминді бұрмалап аударылған, аударма мәтінінің түсініксіздігі орыс тіліндегі мәтіннің телтүпнұсқалығына сәйкес келмейді.

К. Юсуповтың «Көпшіліктің пікірінше, барлық кереғарлық заңның ана тілінде жазылмауынан туындап отырған сияқты» [6; 71] деген пайымдауы өте дұрыс деп санаймыз. Заң жобалары орыс тілінде жазылады, кейін Парламентке келгенде сол орыс тілінде талқыланады. «Парламент отырыстарының жұмыс топтарында да заңның орыс тіліндегі мәтіні сала мамандарының, заңгерлердің ой зерделеуінен өтеді. Ал қазақ тіліндегі мәтін аударма күйінде қалып, мамандардың сұрыптауынан өтпейді. Осыдан кейін заңдардың сапасы жайлы айтудың да өзі бекер. Сондықтан заң қазақ тілінде дүниеге келуі шарт» деп пайымдайды Тыныс Ахметжанова [8; 2]

Мемлекетімізде заңдар ҚР Конституциясының 7-бабына сәйкес, мемлекеттік тілмен мәртебесі тең саналатын орыс тілінде қабылданып, содан кейін мемлекеттік тілге аударылады. Егер орыс тілінде де заң техникасы сақталып жатса құба-құп. Кейбір орыс тіліндегі баптар да қате, нақты емес жазылып жатады. Оның аудармасының сапасы да соған сәйкес келеді.

Ш. Құрманбайұлы «Ғылыми кадрлар мен жоғары білімді, қазақ тілді мамандар даярлауға басымдық берілуі тиіс... Қазақша термин жасай алатын, оқулық жазатын, дәріс оқитын, қазақша заң жаза алатын қазақ тілді білікті мамандарды көптеп дайындамайынша, бұл мәселе түбегейлі шешілмейді» деген пікірді айтады [9; 4]. Орынды айтылған пікір, бірақ маман тек қана қазақ тілін ғана емес, орыс тілін де меңгерген, екі тілді жетік білетін, тәжірибелі де болуы шарт. Ондай маман ғылыми-педагогикалық тәжірибесі мол, заң ғылымы саласындағы заңгерлерден ғана шығары хақ.

Қорытынды

Жоғарыда қарастырылғандардан шығарылатын қорытынды Азаматтық іс жүргізу кодексіндегі заңдық терминологияны қолданудың келесідей мәселелері анықталды:

– ҚР Азаматтық процестік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығына салыстырмалы сараптама жүргізу нәтижесінде ҚР «Құқықтық актілер» туралы заңының 24-бабында қойылған талапқа сай еместігі расталып отыр. Оған дәлел ретінде мақаланың нәтижелер бөлігінде жазылған ҚР АПК-нің кейбір баптарындағы терминдердің қате аударылуы, қазақша аудармасының бұрмалануы, бір терминнің бірнеше нұсқада жазылуы, баптардың мәтіндерінің мағынасыз аударылуы бола алады. Дұрыс аудармаларды ұсыну арқылы біз заңның мәтініндегі терминдердің бірізділігін қамтамасыз етуге, қателіктерді жоюға тырыстық.

Бұдан біз заңның мәтіні күрделі емес қарапайым, ресми сипаттағы, біркелкі тіл болуға міндетті деген қорытындыға келеміз.

– Заңдық терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету арқылы ғана біз заңдардың қазақ тіліндегі сапасын қамтамасыз ете аламыз. Ол үшін заңдық терминдер сөздігін құрастырып, жалпыға бірдей міндетті қолдану үшін, оны нормативтік құқықтық акт нысанында қабылдау қажет.

– Заңдық терминдердің көпшілігі орыс тілінен емес, рим құқығынан (әсіресе, азаматтық заңдар және азаматтық процестік заңдар) енген латын, ағылшын, француз тілінен шыққан терминдер болғандықтан оларды қазақша аудармай-ақ сол күйінде қалдырған жөн деп санаймыз. Себебі, кірме сөздер — заңдық терминдерді аударған жағдайда мағынасы өзгеріп, түсініксіз болып қалады. Одан тіліміз байымаса, кері әсері болады деп ойламаймыз.

– Заңдық терминдердің бұрынғы кезден бері заңда жазылып, қалыптасып қалған, тілге үйреншікті аудармалары заң әдебиетінде, оқу үрдісінде қолданылып жүргені рас. Сол аудармаларды бұрмалаудың не қажеті бар, сол күйінде қалдыру қажет деп санаймыз. Мысалы, «процестік әрекет қабілеттілігі», «сайысушылық», «ведомстволық бағыныштылық», «рәсімдеу», «талап арыз», «соттық шығындар», т.б. Екіншіден, кейбір терминдер Азаматтық кодексте де кездеседі, сондықтан екі кодексте де қолданылатын ортақ терминдер бірдей жазылуы тиіс деп санаймыз.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № АР09259787).

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы. Күші жойылды — Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 29 Жарлығымен [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>

2 «Құқықтық актілер туралы». Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

3 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>

4 Ильясова Г.А. Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер / Г.А. Ильясова // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. — 2017. — № 1 (46). — Б. 155–163 [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no_146-1017.pdf

5 Анарбек Д. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің мемлекеттік тілдегі мәтініндегі қателіктер туралы // Қазақстандық Заңнаманы жетілдіру: теория және тәжірибе: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Халықарал. ғыл.-тәжір. конф. материалдары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. — Б. 416–419.

6 Юсупов К. Заң тілі — заман тілі / К. Юсупов // Тіл және қоғам. — 2012. — № 1. — Б. 71–76.

7 Сәрсенова С. Мемлекеттік тілдегі терминдерді қолдану мәселелері / С. Сәрсенова // Заңгер. — 2020. — № 12(233). — Б. 73–74.

8 Ахметжанова Т. Заң тілі қашан қазақшалаанады? / Т. Ахметжанова // Заң газеті. — 2013 жыл 2 қазан. — № 148. — Б. 2.

9 Құрманбайұлы Ш. Заң тілінің терминдер қорын дамытып отыру заңгерлер мен тіл мамандарының міндеті / Ш. Құрманбайұлы // Заң газеті. — 2012 жыл, 20 қыркүйек. — № 141 (2149).

Г.А. Ильясова, Г.Б. Асетова

Проблема применения юридической терминологии в современном гражданском процессуальном законодательстве

В статье проанализированы результаты проведения лингвистической экспертизы юридической терминологии, использованной в тексте Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан на государственном языке, принятом в 2015 г. Цель исследования — обеспечение сохранности аутентичности текстов гражданского процессуального законодательства на государственном и русском языках, унификации юридических терминов на казахском языке. Поскольку язык закона — официальный язык, то к этому вопросу необходимо подходить со всей серьезностью. В ходе экспертизы текста отдельных статей Гражданского процессуального кодекса авторы находят такие ошибки, как неправильный перевод правовых норм с русского на казахский язык, бессмысленный перевод, перевод одного термина в нескольких вариантах, предлагают их правильный перевод, обосновывают каждый перевод отдельно. Неясность текстов законов на казахском языке, неправильный перевод терминов объясняется тем, что законопроекты сначала разрабатываются на русском языке, а затем, незадолго до этого, спешно переводятся на государственный язык. Известно, что переводами законов занимаются неквалифицированные юристы, а переводчики — языковеды. В заключении обосновывается необходимость повышения статуса государственного языка, принятие законов на государственном языке, привлечение к законотворческой деятельности квалифицированных юристов-профессионалов, свободно владеющих государственным языком.

Ключевые слова: юридическая терминология, унификация юридических терминов, гражданское процессуальное законодательство, Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан, язык закона, казахский язык, юридическая техника, лингвистическая экспертиза.

G.A. Ilyassova, G.B. Assetova

The problem of using legal terminology in the modern civil procedural legislation

The article analyzes the results of a linguistic examination of legal terminology, which is used in the text of the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan in the state language, which was adopted in 2015. The purpose of the study is to ensure the safety of the authenticity of the texts of the civil procedure legislation in the state and Russian languages, as well as the unification of legal terms in the Kazakh language. Due to the fact that the language of the law is the official language, this issue must be approached with the utmost seriousness. The authors, in the process of analyzing individual articles of the Civil Procedure Code, found such errors as incorrect translation of legal norms from Russian into Kazakh, as well as meaningless translation, translation of one term in several versions. So, the authors offer their correct translation, justify each translation separately. The ambiguity of the texts of laws in the Kazakh language, incorrect translation of terms are explained by the fact that bills are first developed in Russian, and then hastily translated into the state language. It is known that not qualified lawyers are involved in translating laws; translators are involved in this process. In conclusion, the authors substantiate the need to improve the status of the state language, the adoption of laws in the state language, the involvement of qualified lawyers-professionals who are fluent in the state language in lawmaking.

Keywords: legal terminology, uniformity of legal terms, civil procedural legislation, Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan, language of law, Kazakh language, legal technique, linguistic expertise.

References

1 «Qazaqstan Respublikasynda tilderdi damytu men qoldanudyn 2011–2020 zhyldarga arnalgan memleketтик bagdarlamasy turaly». Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2011 zhyly 29 mausymdagy No. 110 Zharlygy. Kushi zhoiyldy — Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2019 zhyly 19 sauirdegi No. 29 Zharlygymen [On the State Program for the Development and Functioning of Languages in the Republic of Kazakhstan for 2011–2020. Expired. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated June 29, 2011 No. 110. Abolished by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated April 19, 2019 No. 29]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U110000110> [in Kazakh].

2 «Quqyqtqyq aktiler turaly». Qazaqstan Respublikasynyn Zany 2016 zhyly 6 sauirdegi No. 480-V QRZ [«On legal acts». The Law of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2016 No. 480-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1600000480> [in Kazakh].

3 «Quқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңы [«On legal acts» The Law of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2016 No. 480-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> [in Kazakh].

4 Ilyassova, G.A. (2017). Zannamalyq aktilderin мәтінin мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер [The urgent problems connected with the translation of the text of acts to the state language]. *Qazaqstan Respublikasy Zannama institutyның zharshysy — Bulletin of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan 1 (46)*, 155–163. Retrieved from http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no_146-1017.pdf [in Kazakh].

5 Anarbek, D. (2016). Qazaqstan Respublikasynyn azamattyq protsestik kodeksinin мемлекеттік тілдегі мәтінinдегі қателіктер туралы [On errors in the text of the Civil Procedural Code of the Republic of Kazakhstan in the state language]. Improving Kazakhstan's legislation: theory and practice: *Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaia konferentsiia — International Scientific and Practical Conference*. (pp. 71–76). Qaragandy: QarMU baspasy [in Kazakh].

6 Yusupov, K. (2012). Zan tili — zaman tili [The language of law is the language of time]. *Til zhane qogam — Language and society, 1*, 71–76 [in Kazakh].

7 Sarsenova, S. (2020). Memlekettik tildegi терминдерді қолдану мәселелері [Problems of using terms in the state language]. *Zanger — Lawyer, 12 (233)*, 73–74 [in Kazakh].

8 Akhmetzhanova, T. (2013). Zan tili qashan qazaqshalanady? [When will the legal language be Kazakh?]. *Zan gazetі — Legal newspaper, 148, 2* [in Kazakh].

9 Qurmanbaiuly, Sh. (2012). Zan tilinin терминдер қорын дамытып отыру зангерлер мен тіл мамандарының міндеті [It is the task of lawyers and linguists to develop the vocabulary of legal language]. *Zan gazetі — Legal newspaper, 141 (2149)*, 1–4 [in Kazakh].